

Бес күндік оқу жағдайында жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының өзара әрекеттестігі



Муханбетжанова Л.А., Астана қаласы білім басқармасы №1 өнер мектебі директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары

Балалар мен жастардың музыкалық ансамбльдерінің шеруін республика көлемінде өткізу өте жақсы бастау деп ойламын! Біздің ұжым, біздің тәрбиеленушілер міндетті түрде ат салыса қатысады. Сесебі, бала үшін, оның ішінде музыка мектебінде оқитын балалар үшін республика деңгейіндегі іс-шараларға қатысудың маңызы зор! Жалпы қандай да болмасын сабақтан тыс іс-шара баланың тұлғалық дамуының алғы шарттарының бірі болып табылады.

Оқушылардың сабақтан тыс қызметі азаматтық ұстаным мен әлеуметтік белсенділікті қалыптастырудың негізі болып табылады. Ол сабақтың уақытша кеңістігіне қарағанда, көп нәрсеге ие.

Заманауи мектепте балаларға қосымша білім беруді ұйымдастырудың жолдары

Балаларға қосымша білім беруді дамытуды зерделеу қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептерде оны ұйымдастырудың негізгі төрт моделі бар екендігін көрсетеді. Қосымша білім берудің бағдарламалары бойынша жұмыс жасайтын балаларды сабақтан тыс жұмыстар жүйесіне тарту нақты әрбір мектеп қарастыратын қосымша білім берудің қандай деңгейді көздеулеріне сәйкес, өзінің ерекшеліктері болуы мүмкін және әртүрлі тәрбиелік қорытындыларға жетуі мүмкін.

Олар мынадай болуы мүмкін:

1) жұмыстары бір-бірімен сәйкес келмейтін және сол уақытта бар кадрлық және материалдық жағдайларға толығымен тәуелді үйірмелер, секциялар, клубтарды кездейсоқ ашу;

2) балалар шығармашылық ұжымдарының және бірлестіктерінің жұмыстарын ішкі шоғырландыру, олардың қызметтерінің әртүрлі бағыттарға бағытталуы;

3) балаларға қосымша білім беруді дамытуды мектептің жеке бөлімшесі ретінде қарау;

4) негізгі және балаларға қосымша білім беруді кіріктіру, мектептің негізгі құрылымының мазмұндық және ұйымдастырушылық бірлестігі.

Мектеп жұмысының тәжірибесінде жоғарыда көрсетілген барлық ұйымдастырушылық модельдерді қолдануға болады. Қазіргі кезде мектептерде қосымша білім беруді ұйымдастырудың бірінші екі деңгейіне артықшылық береді. Кіріктіру үдерісін іске асыру жағдайында үшінші және төртінші деңгейлер өздерінің жеке тәрбиелік жүйесін құруға бағытталған мектептерге тән.

Мектептегі қосымша білім беру міндетті түрде қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын басшылыққа алатын, қызығушылықтары бойынша құрылған балалардың түрлі шығармашылық бірлестіктерінің жетекшілері іске асырылады.

Мектептегі қосымша білімнің бағыттары: көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және тағы басқа.

Бүгінгі таңда қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Бұл орайда айта кету керек, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы тарапынан үлкен қолдау тауып отырмыз! Балалар музыка мектептерінің білім беру бағдарламалары педагогтеріміз үшін өте қажет. Сондай-ақ, өз жұмыстарын жаңадан бастаған педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар жазылса деген ұсыныс айтқымыз келеді.

Назарларыңызға рахмет!

